


АҚШ жоғары оқу орындарымен ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ артады



Аuezov University-ге АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дэниел Розенблум арнайы іс-сапармен келді. Сапар аясында дипломат оқу орнының басшылығымен кездесіп, серіктестіктің жаңа бағыттарын талқылады. Аuezov University Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректоры Айгүл Ысқақова университет АҚШ-тың жоғары оқу орындарымен серіктестікті одан әрмен нығайтуға және кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді.

Сондай-ақ ол білім ордасын зерттеу университетіне трансформациялау бағдарламасымен таныстырып, оны жүзеге асыру бойынша нақты шараларды атап өтті. – Интернационалдандыру бағдарламасы шеңберінде университет әлемнің 35 мемлекетіндегі 230 жоғары оқу орнымен және ғылыми-зерттеу мекемесімен ынтымақтас-

тық орнатқан. Стратегиялық серіктесіміздің бірі – Миннесота Университетінің білім беру және адами ресурстарды дамыту колледжі. Бүгінге дейін аталған білім ордасымен бірқатар жобалар сәтті жүзеге асты, – деді Айгүл Ысқақова.

Қазіргі таңда Аuezov University «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде АҚШ-тың жетекші оқу орындарымен ынтымақтастықты одан әрмен нығайтуда. English Fellowship және Fulbright бағдарламалары шеңберінде университетте америкалық ғалымдар мен оқытушылар дәрістер өткізіп, сабақ беруде. Атап айтқанда, бүгінде Мэдлин Роуз Лоулер «Заманауи тілдер және аударматану» кафедрасында студенттерге дәріс өткізуде.

Өз кезегінде Дэниел Розенблум Қазақстан Орталық Азиядағы сенімді серіктес екенін атап өтіп, екі ел арасындағы білім беру және ғылым саласындағы ынтымақтастықты нығайтудың маңыздылығына тоқталды. Елші Аuezov University басшылығының жылы қабылдауына алғыс білдіріп, АҚШ жоғары оқу орындарымен стратегиялық серіктестікті арттыруға ықпал ететіндігін жеткізді.